

## Облыстың елді мекендерін көгалдандыру жөніндегі күзгі-отырғызу жұмыстарын өткізу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 10 қыркүйектегі N 293. Атырау облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 16 қазанда N 627 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 248 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 20.12.2004 № 248 қаулысымен.**

Көгалдандыру және көріктендіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру және облыстың елді мекендерінің санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында шешім етемін:

1. 15 қыркүйек және 15 қараша аралығында санитарлық тазалық бойынша көріктендіру, облыстың елді мекендерін көгалдандыру және көріктендіру бойынша екі айлық өткізілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімінің 01.10.2001 N 311 шешімімен.**

2. Қала және аудан әкімдері үстіміздегі жылдың 15 қыркүйегіне дейін:

1) алынып тасталды  
2) Ағаштар мен бұталарды отырғызу жөніндегі жұмыстардың орындалуы үшін меншік түрлерінен тәуелсіз облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарының жанындағы көгал аумақтарын бекіту туралы мәселе шешілсін;

3) барлық аудан орталықтарында, Атырау қаласының жеке секторында жоспарлы-реттеу санитарлық тазалық жұмыстары ұйымдастырылсын.

**Ескерту. 2-тармақтың 1-тармақшасы алынып тасталды - Атырау облысы әкімінің 01.10.2001 N 311 шешімімен.**

3. алып тасталды

**Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - Атырау облысы әкімінің 01.10.2001 N 311 шешімімен.**

4. Коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы департаменті (В. Оспанов) Атырау облысын көгалдандыру мәселесіндегі негізгі бағыттарды өңдеу мақсатында аумақтық орман және биоресурстар жөніндегі басқармамен және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқармамен бірігіп осы жылдың 15 қазанға дейін орман, балық, аң аулау шаруашылығы Комитеттері өкілдерінің және мамандандырылған

институттардың міндетті қатысуымен жиналыс өткізсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімінің 01.10.2001 N 311 шешімімен.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Ищановқа жүктеледі.

*Облыс әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК